

## Шетел ғалымдары біздің университетте

2016 жылдың 6 желтоқсанында Абай атындағы ҚазҰПУ оқу ісі жөніндегі проректоры А.Т. Кулсариева филология және көптілді білім беру институтына Польша мен Эстониядан академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген шетел ғалымдарымен кездесті. Кездесу барысында қонақтар Абай атындағы ҚазҰПУ жинақтаған тәжірибелері туралы айтты. Алдағы ғылыми жобалардағы, халықаралық конференция ұйымдастырудағы ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту талқыланды.

Варминск-Мазурск университетінің профессорлары А.К. Киклевич пен А.И. Ндйя, Лодзинск университетінің русистика институтының директоры, профессор Я. Вежбински институттың докторанттары мен поқ бірлескен жетекшілік етіп, кеңестерін береді. Таллинск университетінің профессоры С.Н. Доценко орыс әдебиетінен орыс бөлімінің бакалавриат, магистрант пен докторанттарына дәріс оқиды. А. Мицкевич атындағы Познанск университетінің PhD докторы Гулайхан Актай қазақ тілінен екі апталық курс оқиды.

Қонақтар біздің жоо қызыға танысып, студенттер мен оқытушылармен тілдесті.

